

## Республикадан сырт жерлерге жіберілетін өнімдер үшін есеп айырысуды реттеу туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Президентінің Қаулысы 1993 жылғы 5 шілде N 1294. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2001.09.04. N 677 Жарлығымен. ~U010677

Республикада халық шаруашылығындағы төлемдер мен есеп айырысулар жөніндегі жағдай күрт нашарлап кетті. Қазақстанның өнім беруші кәсіпорындары шикізат пен дайын өнімдерді тұтынушылардың төлем қабілетін тексермей жібереді, бұл орайда өздері ұдайы қаржы қиындығын бастан кешіп, барған сайын кредиттік қаржының көбірек бөлінуін талап етеді.

Қазақстанның бірсыпыра кәсіпорындары республикадан сырт жерлерге өнімдер бере отырып, өздері тапқан Ресей валютасын Ресейдің банкілерінің өзінде қалдырады. Мұның өзі Ресеймен саудада теріс сальдонның өсуіне, бұрынғы КСР Одағының басқа мемлекеттерімен өзара есеп айырысуда іркілістер тууына және тоқтатылуына әкеліп соғады.

Қазақстан Республикасының экономикалық мүддесін қорғау мақсатында қаулы етемін:

1. 1993 жылғы 5 шілдеден бастап барлық шаруашылық жүргізуші субъектілер, меншік нысандарына қарамастан жоғарыда аталған мемлекеттерден алған дайын өнімдер, материалдық ресурстар үшін ақы төлеуді, сондай-ақ тауар емес төлемдерді республиканың коммерциялық банкілері қызмет көрсететін корреспонденттік шоттардағы қаражаттар шегінде жүзеге асырады.

2. Әкімдер, кәсіпорындардың, ұйымдардың басшылары: жіберілген өнімдер мен көрсетілген қызметтер үшін мерзімі өткен төлемдерді өндіріп алу жөнінде қосымша шараларды екі апта мерзімде қолдансын;

берілген шикізат, материалдар және дайын өнім үшін алдын ала төлем жасап есеп айырысуға көшсін;

кәсіпорындардың аталған мемлекеттердің банкілеріндегі бүкіл шоттары он күн мерзімде жабылсын және мұнан былай республикадан тыс жерлердегі есеп айырысулар Қазақстанның қызмет көрсетуші банкілерінің корреспонденттік шоттары арқылы жүргізілсін.

3. Коммерциялық банкілердің басшыларына:

Қазақстан Республикасының Ұлттық банкінің рұқсаты бойынша Ресейдің, бұрынғы Одақтың басқа да мемлекеттерінің банкілерінде корреспонденттік

катынас /шоттар/ белгілеу;

кәсіпорындар мен ұйымдарға қарыздарын өндіріп алу жөнінде жәрдем көрсету;

бұрынғы КСР Одағы мемлекеттеріне өнім экспортынан түскен түсімнің толықтығына қатаң бақылауды қамтамасыз ету ұсынылсын.

4. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті:

бергені үшін ақы төлеу Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің корреспонденттік шотынан мемлекетаралық кредит есебінен жүзеге асырылатын өнімдерінің /дағдарыстағы импорттың/ номенклатурасын айқындасын.

Республиканың экспорттық әлеуетін өсіру, қажетті шаруашылық байланыстарды қалпына келтіру жөнінде нақты шаралар жасасын;

Қазақстан Республикасының Ұлттық банкімен бірлесіп республикада аталған мемлекеттердің ақша мөлшерін белгілеуді енгізісін.

5. Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі:

мемлекеттік мұқтажға өнім бергені үшін өзара есеп айырысудың тетігін жасау жөнінде Ресейдің Орталық банкімен келіссөз жүргізісін;

облыс әкімдерімен, коммерциялық банктермен және қаржы органдарымен бірлесіп аталған мемлекеттерге өнім экспортын дербес немесе бірлескен және еншілес кәсіпорындар арқылы беретін кәсіпорындардың есеп айырысуын тексеруді екі апта мерзімде ұйымдастырсын және оның уақтылы төленуіне шаралар қолдансын.

6. Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі мен Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы мемлекеттік Қаржы бақылау комитеті екі ай мерзімде коммерциялық банктердің заңдылықты сақтау мен есеп айырысу тәртібін нығайту жөніндегі жұмысын тексерсін. Республикадағы ақша айналымы мен төлем балансын тұрақсыздандырғаны үшін банктерге Заңмен белгіленген санкциялар қолданылсын.

Қазақстан Республикасының  
Президенті